



ӘОЖ 94 (574)

FTAXP 03.00.20

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.102(2).20

Утегенов М.З. *, Шукеева А.Т., Уалиев Т.А., Алибеков К.Б.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

*Автор-корреспондент: utegenov.marat02@gmail.com

E-mail: utegenov.marat02@gmail.com, ainur_shukeeva@mail.ru,
tarikhname10@gmail.com, kairat1975ast@gmail.com

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ОТАРЛАНУ ТАРИХЫНАН

Андатпа. Мақалада Солтүстік Қазақстан аумағындағы әскери және азаматтық отарлау үдерістерінің тарихи динамикасы мен олардың аймақтың этнодемографиялық құрылымына ықпалы кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу Ресей империясының қазақ даласын игерудегі стратегиялық тәсілдерін талдауға негізделіп, отарлау саясатының екі негізгі бағытын – әскери-казактік экспансия мен шаруаларды қоныстандыру арқылы жүзеге асқан аграрлық отарлауды – өзара сабақтастықта зерделейді. Авторлар әскери бекіністердің, шептік жүйелердің және казак станицаларының құрылуы империялық биліктің әкімшілік-институционалдық орнығуының басты құралы болғанын көрсетеді. Ал XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы жаппай қоныс аудару саясаты Солтүстік Қазақстанның этникалық құрылымын түбегейлі өзгертіп, аймақты полиэтникалық кеңістікке айналдырды.

Зерттеуде 1897 жылғы Бүкілресейлік халық санағының материалдары, Ақмола облысының статистикалық шолулары, Ф. Щербина экспедициясының деректері мен архивтік құжаттар кеңінен пайдаланылып, халық санының динамикасы, этникалық құрамдағы өзгерістер және қоныс аудару ауқымы талданады. Сонымен қатар, жер қатынастарының қайта бөлінуі, қазақтардың дәстүрлі көшпелі шаруашылығының дағдарысы және әлеуметтік-экономикалық трансформациялар мәселелері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері Солтүстік Қазақстандағы отарлау үдерістерінің аймақтың тарихи дамуына ұзақ мерзімді ықпал еткенін айқындайды.

Кілт сөздер: Солтүстік Қазақстан; Ақмола облысы; қонысаудару саясаты; қонысаударушылар; этникалық топтар; отарлау саясаты; көшпелі тұрғындар; отырықшы тұрғындар; қалалар; ауылдар.

Kipicne

Солтүстік Қазақстан тұрғындарының полиэтникалық құрамының қалыптасу тарихы Ресейдегі аграрлық дағдарыспен және қазақ жерлерін отарлау саясатымен тікелей байланысты. Қазақ жерлерінің отарлануы екі кезеңнен тұрды: әскери-казактар арқылы отарлау және шаруаларды қоныстандыру арқылы отарлау. Қазақ жерінде орнығу үшін негізгі құрал ретінде пайдаланылған казактар шекара шебі мен бекіністер құрып әскери бақылауды қамтамасыз етті [1, б. 2]

1861 жылы Александр II басыбайлық құқықты жойғаннан кейін көптеген қолында құжаты бар, бірақ жерсіз шаруалар пайда болды. Бұл күрделі мәселе қазақ жеріне шаруаларды қонысаудару арқылы шешілді. Ресейдің ішкі губернияларынан қоныс аударған шаруалар қазақ жерін әкімшілік-аграрлық отарлаудың негізгі құралына айналды. Патша әкімшілігі қазақ жерлерін мақсатты пайдаланылмайтын бос жерлер



деп қарастырып, бастапқыда өз еркімен қоныс аударып жатқан шаруаларды бұдан былай арнайы қонысаудару қорларын құрып мемлекеттік қолдау арқылы жүргізе бастайды.

Ресейдегі егіншілік жерлерді экстенсивті пайдаланып жарамсыз қылған шаруалар ендігі кезекте қазақтың шұрайлы жеріне лек-легімен ағылды. Адамның табиғатты пайдалануының эволюциясын жан-жақты зерттеген Д.И. Люри өзінің «Ресурстарды пайдалануды дамыту және экологиялық дағдарыстар» атты еңбегінде XIX ғасырдағы Ресейдегі егіншілікті қолданыстағы жерлердің өнімділігін арттыруға емес, жаңа жерлерді пайдалануға негізделген экстенсивті жер шаруашылығы ретінде қарастырады. Автордың пікірінше XIX ғасырдағы жерге деген «тұтынушылық» көзқарастың салдарынан экологиялық проблемалар туындаған [2]. Шаруашылық жүргізудің осындай экстенсивті жолын қонысаударушы шаруалар қазақ жерінде де жалғастырды.

1891 жылдың 25 наурызындағы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» бойынша қазақтың барлық жері Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жарияланып, жаппай қонысаударып жатқан шаруалардың жер мәселесін шешуге мүмкіндік берді.

Мақаланың мақсаты шаруаларды қазақ жеріне қоныстандыру саясатын жан-жақты талдау арқылы Солтүстік Қазақстан тұрғындарының полиэтникалық құрамының қалыптасу тарихын зерттеу.

Сонымен Абылайхан заманындағы Солтүстік Қазақстан тұрғындары құрамының моноэтникалықтан қазіргі таңдағы полиэтникалық сипатқа ие болып өзгеруінің алғышарттары, барысы мен салдарын талдап зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың деректік негізін Солтүстік Қазақстанға қоныс аударудың барысын, ерекшеліктерін сипаттайтын құжаттар мен зерттеулер құрады.

Солтүстік Қазақстан тұрғындарының этникалық құрамының өзгеруін анықтауға мүмкіндік беретін 1897 жылғы Ресей империясының бірінші жалпы халық санағының материалдары пайдаланылды. Әлеуметтік-демографиялық жағдай туралы деректердің бірегей көзі болып табылатын бұл құжаттың маңыздылығы 125 миллионнан астам халықты тіркеп, тұрғындардың ана тілін анықтау арқылы этникалық құрамын айқындады [3]. Омбы, Ақмола, Петропавл, Көкшетау мен Атбасар уездері бойынша қалалар және жалпы уезд бойынша тұрғындардың этникалық құрамын зерттеуде халық санағының Ақмола облысына арналған XXXI томның құнды материалдары пайдаланылды [4].

Солтүстік Қазақстан тұрғындарының этникалық құрамының жылдар бойынша өзгеру динамикасын анықтап талдауда аймақтың әлеуметтік-демографиялық және шаруашылық жағдайын сипаттайтын «Ақмола облысының шолуларының» материалдары өте маңызды болды. Жергілікті биліктің Ресей империясының жоғарғы басшылығына жыл сайынғы ресми есептерінен тұрған бұл құжат аймақтағы әкімшілік және экономикалық шешімдерді қабылдау үшін негізгі ақпарат көзі болған. 1871 жылдан 1917 жылға дейін Ақмола облыстық статистикалық комитетінің тұрақты түрде шығып тұрған шолуларының материалдарын салыстырмалы талдау арқылы Солтүстік Қазақстанның этнодемографиялық тарихын зерттеп, XIX ғасырдың аяғында 75%-дан астам болған қазақтар үлесінің қонысаудару саясатының нәтижесінде қаншалықты азайғанын анықтауға болады [5].



Ресей империясының қоныс аудару қорына қолайлы «бос жерлерді» анықтап қарастыру үшін 1896-1903 жылдары Ф.Щербинаның жетекшілігімен жүргізілген далалық облыстарды зерттеу экспедициясы қазақ жер пайдалануына қатысты жинап өңдеген материалдар маңызды дереккөзі болып табылады [6]. Экспедиция материалдарының I, II, III, X және XII томдарында Ақмола облысының уездеріне қатысты жергілікті халықтың әлеуметтік-шаруашылық жағдайын сипаттайтын статистикалық материалдар берілген.

Дереккөздер базасын Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві мен Омбы облысының мемлекеттік архивінің материалдары толықтырды.

Жұмыстың әдіснамалық негізі ретінде тарихи демография мен әлеуметтік тарих әдістерін біріктіретін пәнаралық тәсіл қолданылды. Зерттеу барысында Ресей империясының қоныс аудару саясатын жүзеге асырудың алғышарттарын, кезеңдерін және ішкі логикасын анықтауға, сондай-ақ оның осы аймақтағы демографиялық процестерге әсерін бақылауға мүмкіндік беретін тарихи-генетикалық әдіс қолданылды.

Тарихи-салыстырмалы әдіс әр жылдардың статистикалық көрсеткіштерін, соның ішінде санақ материалдарын, жыл сайынғы шолулар мен мұрағаттық жинақтарды салыстыруда қолданылды. Бұл облыс халқының саны мен құрылымындағы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берді.

Тұрғындардың этникалық құрамына қатысты статистикалық көрсеткіштерді есептеп, оларды кестелер мен диаграммалар түрінде көрсетуде сандық әдіс қолданылды. Бұл әдістерді қолдану алынған нәтижелерді тексеруге және Ақмола облысының шаруаларды қоныстандыру арқылы жүргізілген аграрлық отарлау аймағына айналу процесін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері

Казактар арқылы жүргізілген әскери отарлаудың да шаруалар арқылы жүргізілген азаматтық отарлаудың да мақсат-міндеттері бірдей болды. Ресей империясы жаңа жерлерді жаулап онда әскери бекіністер салып бекіну үшін казактарды пайдаланды.

Казактарды этнос ретінде емес, ерекше әлеуметтік топ ретінде қарастырған В.О. Ключевский, казакты «үйсіз, жалғызбасты, еркін жалдамалы, ешбір қоғамға жатпайтын, егістік жері мен фермасы жоқ және уақытша жалдау жұмыстарымен өмір сүретін» адам деп сипаттайды [7, б. 106]. Қазақстандағы казактар тарихын жан-жақты зерттеген А.С. Елагин тұжырымдарының В.О. Ключевскиймен салыстырғанда ерекшелігі, оның «казак» терминінің түркі сөзінен шыққандығы, ал ұқсастығы екі зерттеушіде казактарды Сібір мен Қазақстанды отарлаушы ерекше әскери сословие деп қарастырады [8, б. 13-14].

Солтүстік Қазақстан даласының әскери-казактар арқылы отарлануын екі негізгі кезеңге бөліп қарастыруға болады: бірінші кезең, XVI ғасырдың аяғынан XIX ғасырдың басына дейін, ал екінші кезең XIX ғасырдың басынан XX ғасырдың басындағы азаматтық қарама-қайшылықтарға дейінгі кезең.

Әскери-казактік отарлаудың бірінші кезеңінде казактар отарланған жерлерде бекініп тұрып қалу үшін бекіністер салып әскери шеп жасады. 1752-1755 жылдары 565 верстка созылған Омбы мен Петропавл арасында Батыс Сібірдегі жаңа жерлерде бекініп қазақ даласына тереңдеп жылжу үшін 11 бекіністен, 33 редуттен және 42 маяктан тұрған Горький (Жаңа Есіл) әскери шебі салынды. Омбы мен Петропавл арасындағы әскери бекіністер бір-бірінен 50-55 верст қашықтықта, редуттар бекіністер арасында бір-бірінен 9-18 верст қашықтықта, ал редуттар арасындағы маяктар 4-8 верст



қашықтықта салынды. Бекіністер мен редуттарда зеңбіректер мен негізінен казактардан тұрған гарнизондар орналасты [9, б. 4].


Омбы мен Петропавл бекіністерінің салынуына тоқталсақ, Омбы бекінісінің негізінің қалануына І Петр патшаның полковник И.Д. Бухгольцті Тобылдан Ертістің жоғарғы ағысымен алтын құмды іздеу үшін жіберілген экспедициясы себепкер болды. Алтын үшін жасалған экспедиция 1716 жылы Ом өзенінің сағасында Ресей империясының Оңтүстік Сібірдегі маңызды стратегиялық бекінісінің негізін қалады [10, б. 165]. Осыдан кейінгі қазақ даласына жасалынған барлық экспедициялар Омбыда жасақталатын болды. 1752 жылдың 12 шілдесінде Есіл өзенінің оң жағалауында салынған Петропавл бекінісі Оңтүстік Сібірдегі Омбыдан кейінгі Горький (Жаңа Есіл) әскери шебінің және солтүстік Қазақстан даласындағы орыс ықпалының маңызды тірек пункті рөлін атқарды [11, б. 11]. Қазақстанның «солтүстік қақпасы» саналатын Петропавл бекінісін М.А.Морозов өз еңбегінде «Қызыл-Жар» шатқалында салынды деп қазақ атауымен тікелей байланыстырады [12, б. 12].

Әскери-казактік отарлаудың екінші кезеңінде, М.М. Сперанскийдің 1822 жылғы «Сібір қырғыздары жөніндегі жарғыдан» кейін қазақ даласын бағындырып басқарудың жаңа жүйесі енгізілді. Бұл жарғының негізгі мақсаты Орта жүзде хандық билікті жойып, қазақ жерлерін Ресей империясының әкімшілік жүйесіне енгізу. Жарғыға сәйкес Горький (Жаңа Есіл) әскери шебінің сыртында, Петропавл бекінісінен оңтүстікке қарай сыртқы аймақтар болып саналған жаңа жерлерде орнығып империялық әкімшілік басқаруды енгізу үшін 1824 жылы Көкшетау, 1832 жылы Ақмола, ал 1845 жылы Атбасар әскери бекіністері салынды. Жаңа жерлерде ашылған сыртқы аймақтар жарғыға сәйкес жергілікті қоныстардың атауларымен аталды [13, б. 150]. Сыртқы аймақтардың ашылуы мемлекеттіліктің нышаны саналған хандық билікті жойып, қазақ даласында жалпы имперлік әкімшілік басқару жүйесін орнатты. 1819 жылы Абылайханның баласы Уәли хан қайтыс болғаннан кейін, оның баласы Ғұбайдолла Уәлиұлы 1823 жылы хан болып сайланды, бірақ отарлық-әкімшілік саясаттың жоспарына сәйкес қазақ даласында хан титулының сақталуы көзделген жоқ, нәтижесінде Ғұбайдолла тек бір шектеулі әкімшілік бірліктің ғана аға сұлтандығымен шектелді.

Солтүстік Қазақстанда сыртқы аймақтардың ашылып Ресей империясының ықпалы күшее бастағаннан кейін бірқатар казак станицалары ашылды: 1849 жылы Қотыркөл, Арықбалық, Лобан, 1850 жылы Зеренді, Айдабол, Щучинск [14, б. 47-48].


Жарғыға сәйкес аймақтар 15-20 болыстан, болыстар 10-20 ауылдан, ал ауылдар 50-70 шаңырақтан тұрды [13, б. 149].

1582 жылы құрылып негізгі міндеті әскери жорықтар болып келген Сібір казак әскері 1808 жылы «Сібір шептік казак әскерінің жарғысына» сәйкес 10 полктан тұрған тұрақты әскери құрылымға айналды. Казактар құрамы әртүрлі этностардан тұрды. Казактар санының 1808 жылдан 1916 жылға дейінгі динамикалық өсуін 1 суреттен көруге болады (сур. 1) [15, б. 212-214].



1-Сурет -1808-1916 жж. казактар санының динамикалық өсуі (мың адам), автормен [15, б. 212-214] бойынша құрастырылды.

Ақмола облысының уездерінде казактар саны біркелкі болған жоқ, мәселен Омбы сияқты маңызды стратегиялық орталықта көбірек шоғырланды, ал қалған аймақтарда өзен-көлдері бар, орманды, топырағы құнарлы деген ең жақсы жерлерге орналасты. 1897 жылғы алғашқы халық санағының мәліметтері бойынша уездердегі казактар саны 2 суретте берілген (сур. 2) [16, б. 62-63].



2-Сурет-1897 жылғы алғашқы халық санағының мәліметтері бойынша уездер бойынша казактар саны (мың адам), автормен [16, б. 62-63] бойынша құрастырылды.

Сонымен әскери-казактік отарлау кезеңінде қазақ даласында империялық биліктің нышаны болған әкімшілік-аймақтық басқару еңгізіліп, дәстүрлі қазақ қоғамы күрделі өзгерістерге душар болды. Саяси дербестіктің символы болған хандық биліктің жойылуы және негізгі шаруашылық үшін қажетті жайылымдық жерлердің тартып алынуы алғашында солтүстік аймақта сосын барлық Қазақстанды қамтыған Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық соғыстың басталуына әкелді [17, б. 124-126].


Азаматтық отарлау казактар әскери бекіністер салып бекінген жерлерде шаруаларды орналастыру арқылы жүргізілді. Алғашқы қонысаударушы шаруалар 1889 жылғы «мемлекеттік жерлерге елді-мекен тұрғындары мен мешандарды ерікті түрде қоныстандыру туралы» заң қабылданғанға дейін XIX ғасырдың ортасынан бастап өз еріктерімен қазақ жерлеріне біртіндеп қоныс аудара бастады. XX ғасырдың 20



жылдарындағы қазақ даласындағы аштықтың орын алуын шаруалардың жаппай қонысаударуымен байланыстырған зерттеуші Сара Кэмэрон «1889 жылғы заң қонысаудару процесін әкімшілік бақылауға алып, жүйелі мемлекеттік түрде жүргізуді жолға қойған заңды құжат болды» деп түсіндіреді [18, б. 28-29].

П.А.Столыпиннің бастамасымен қабылданған 1906 жылғы «Шаруаларды қоныстандыруды жеделдету және Ресейдің шығысында бос жер учаскелерін құру шаралары туралы» қаулы 1889 жылғы заңмен салыстырғанда шаруаларды қоныстандыру саясатын мәжбүрлі-ерікті түрде жүргізіп, жерлерді жекеменшікке рәсімдеуге мүмкіндік берді. Столыпин реформалары нәтижесінде 1906-1914 жылдар аралығында жалпы шығыс аймақтарға Ресейдің орталық губернияларынан және Украина мен Белоруссия жерлерінен 3 миллионнан астам шаруалар қонысаударылды, оның 600 мыңға жуығы жерінің құнарлылығы мен Ресейге жақын орналасуына байланысты қонысаудару саясатының эпицентріне айналған – Солтүстік Қазақстанға қонысаударды.

1868-1915 жылдар аралығындағы деректер XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Ақмола облысы халқының тұрақты өсуін көрсетеді. Бұл өсім ең алдымен отырықшы халық, яғни қонысаударушылар үлесінің артуы есебінен болды. 1868-1915 жылдар аралығында облыс халқының саны төрт еседен астам – 370400-ден 1575700 адамға дейін өсті (сур. 3) [19, б. 7].



3-Сурет-1868-1915 жылдардағы Ақмола облысының отырықшы және көшпелі тұрғындары санының динамикасы [19, б. 7].

1891 жылғы 17 наурыздағы патша жарлығына сәйкес, Сібір темір жолының құрылысы басталғаннан кейін қоныс аудару саясатының қарқыны күшее түсті: «С постройкой Сибирской железной дороги, предпринятой по высочайшему повелению 17 марта 1891 года, немедленно обращено было на переселенческое дело и на необходимость определения пригодных для заселения земель серьезное внимание» [20, б. 44].

Столыпин аграрлық реформасы жылдарында қоныс аударушыларға бұрын-соңды болмаған мемлекеттік қолдау жасалды: қаржылай көмек көрсетілді, жол шығындары мен мүлік жеңілдікпен тасымалданды, жермен қамтамасыз етілді, салық төлеуден және әскери борышын өтеуден босатылды, әлеуметтік және техникалық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілді. Жолға және үй құрылысына берілген қаржылай көмек несиелер мен



қайтарымсыз өтемақылар арқылы жүргізілді, «1912 жылы шаруашылыққа берілетін несиенің максималды көлемі 200-400 рубльді құраған» [21, б. 201]. Қонысаударушылар үй салуға керекті ағаш-тақтайлармен қонысаудару басқармаларының арнайы ашқан орман қоймалары арқылы қамтамасыз етілді: «Лесные склады Переселенческого Управления ведут свои операции с 1897 года. За девять лет (1897-1905гг.) они продали лесных материалов на 1.008.678 р. В последнее пятилетие (1906-1910 гг.) обороты выразились уже в сумме 2.029.902 руб., в среднем по 400 тыс. руб. в год. Обслуживаются лесными складами, главным образом Акмолинская область и отчасти Семипалатинская, а также степные районы Тобольской и Томской губерний» [20, б. 35]. Жол шығындары мен мал-мүлік жеңілдікпен тасымалданды, қонысаударушыларға арналған «арнайы вагондағы билет құны стандартты мөлшерлемеден $\frac{1}{4}$ құрады (орташа 100 верстқа 13 тиын болды)» [22, б. 286]. Жермен қамтамасыз ету бойынша, Сібірдегі жер бөлу нормасы бір еркекке 15 десятина (16,3 га) пайдалы жер деп белгіленді. Ал Ресейдің еуропалық бөлігінде орта есеппен жан басына шаққанда бар болғаны 2,6-3,5 десятинді құрады [23, б. 114-115]. Салық пен әскери борышқа қатысты, «қоныс аударушылар 5 жылдан 10 жылға дейін мемлекеттік салықтар мен земство алымдарынан босатылды. Әскери қызметтен 3 жылға босатылды» [24, б. 142]. Әлеуметтік және техникалық инфрақұрылым бойынша, «1914 жылға қарай Қоныс аудару басқармасы ауыл шаруашылығы техникасы үшін 500-ден астам қойма ұйымдастырды, олардың айналымы 1906 жылғы 1 миллион рубльмен салыстырғанда 1913 жылы 8,3 миллион рубльге дейін өсті. Осы кезеңде 12 мыңнан астам құдық қазылды» [25, б. 190].

Столыпин реформалары аграрлық дағдарыс жағдайындағы Ресей империясының экономикасына серпіліс беріп, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының дамуына әкелді. Бірақ бұл көрсеткіштің артында демографиялық, әлеуметтік, шаруашылық жағдайы құлдырап жатқан жергілікті халық тұрды. Әлеуметтік-шаруашылық шиеленіс жылдарында патша үкіметінің аграрлық саясатына қарсылық білдіріп, қазақ жерлерінің «артық жерлер», «бос жерлер» деп тартып алынуын сынаған қазақ интеллектуалдық элитасының қоғамдық-саяси қызметі жандана түсті. Ф.Щербинаның экспедициясына қатысып, «артық жерлерді» анықтауда қазақтардың жер пайдалануының ерекшелігін ескеруді ұсынған А.Бөкейханов Столыпин реформалары жылдарында қазақтардан 40 миллион десятина жер тартып алынды» деген мәліметтер келтіріп, дәстүрлі көшпелі шаруашылықтың дағдарысқа ұшырағандығын нақты деректермен дәлелдеген [26, б. 183]. І дүниежүзілік соғыстың басталауымен қаржылық және әкімшілік ресурстардың майданға мобилизациялануына байланысты қазақ даласының қарқынды «игерілуі» бәсеңдеді.

Қорытынды

Солтүстік Қазақстанның әскери және азаматтық отарлану тарихын зерттеу аймақ тұрғындарының полиэтникалық құрамының қалыптасу тарихын жан-жақты қарастырып талдауға мүмкіндік берді.

Осылайша, XVIII - XX ғасырдың басында Қазақстанның дала аумақтарын әскери-казактік және шаруалар арқылы азаматтық отарлау Ресей империясының отаршылдық саясатының маңызды элементіне айналды және аймақтың әлеуметтік-экономикалық және этнодемографиялық жағдайына ұзақ мерзімді әсер етті. Сібір казак армиясының қызметімен байланысты әскери бекіністер мен казак қоныстарының желісін қалыптастыру Ресей империясына дала кеңістігін саяси және әскери бақылауды нығайтуға және оны жалпы империялық әкімшілік жүйеге біріктіруге мүмкіндік берді.



Нәтижесінде Солтүстік Қазақстан аймағы империяның шаруашылық-экономикалық кеңістігіне енгізіліп, біртіндеп маңызды аграрлық аудандардың біріне айналды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қоныс аудару саясаты, әсіресе П.А. Столыпиннің реформалары кезінде күшейіп, Ресейдің орталық аудандарынан шаруалардың жаппай ағымына ықпал етті. Бұл егіншіліктің дамуына, егіс алқаптарының кеңеюіне, жаңа елді-мекендердің қалыптасуына, сауда мен инфрақұрылымның өсуіне түрткі болды. Сонымен қатар, аймақтың экономикалық дамуы байырғы халықтың дәстүрлі өмір салтын терең өзгертумен қатар жүрді.

Отарлау саясатының ең маңызды салдары жер ресурстарын қайта бөлу болды. Құнарлы жерлер мен жайылымдардың едәуір бөлігі казак ауылдары мен қоныс аударушы шаруашылықтарға берілді, бұл казак халқының дәстүрлі көшпелі маршруттарының қысқаруына әкелді. Нәтижесінде көшпелі мал шаруашылығы жүйесінің біртіндеп жойылуы, әлеуметтік стратификация процестерінің күшеюі және казак халқының бір бөлігінің шаруашылықтың жартылай көшпелі және отырықшы түрлеріне мәжбүрлі бейімделуі орын алды.

Отарлау процестері Солтүстік Қазақстанда елеулі этнодемографиялық өзгерістер тудырды. Орыс, украин және белорус шаруаларының жаппай қоныс аударуы тұрғындардың полиэтникалық құрамының қалыптасуына және жергілікті казак халқы үлесінің төмендеуіне әкелді. Жер мәселесі мен әлеуметтік шиеленістің күшеюі XX ғасырдың басындағы отаршылдыққа қарсы басқөтерулер себептерінің бірі болды.

Әскери казактар мен шаруалар арқылы азаматтық отарлау нәтижесінде аймақ Ресей империясының экономикалық жүйесіне енді, бірақ бұл саясаттың ұзақ мерзімді салдары көбінесе кейінгі тарихи кезеңдердегі Солтүстік Қазақстанның демографиялық, экономикалық және әлеуметтік дамуының ерекшеліктерін анықтады.

Алғыстар

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ЖТН АР23488158 «Солтүстік Қазақстан тұрғындарының полиэтникалық құрамының қалыптасу тарихы мен ұлт құрылысы процесі (XIX ғ. аяғы - XX ғ.)» тақырыбындағы 2024-2026 жж. арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясында даярланды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Карты заселяемых районов за Уралом: (отчет о работах Переселенческого управления за 1914 г.) / Переселенческое управление Главного управления землеустройства и земледелия. – Петроград: [б. и.], 1915. – [2] с., 13 л. карты; 30 см. – Карты к книге: Переселение и землеустройство за Уралом в 1914 г.

[2] Люри Д.И. Развитие ресурсопользования и экологические кризисы, Москва, 1997 – 174 с.

[3] Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Население империи по переписи 28-го января 1897 года по уездам. – СПб., 1897. Выпуск I. – 30 с.

[4] Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 года (коллекция). 4. Население. Переписи. Акмолинская область 1897г. – СПб., 1905. – 152 с.

[5] Обзор Акмолинской области за 1895 год. – Омск: Типография Акмолинского областного правления, 1897 – 139 с.

[6] Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию Степных областей. Акмолинская область. Акмолинский уезд». Том III. Часть 1. Таблицы. Санкт-Петербург, 1907 г. – 389 с.

[7] Ключевский В.О. Курс русской истории. Т.3. Москва, 1988. – 330 б.



- [8] Елагин А.С. Из истории казачества Казахстана. Алматы: Ғылым, 1993. – 440 с.
- [9] Г.Е.Катанаев Пресновская станица (Омского уезда, Акмолинской области): Исторический очерк / Г.Е.Катанаев. – Омск: Типография Акмолинского областного правления, 190. – 45 с.
- [10] И.Я.Словцов Историческое обозрение Сибири. Книга первая (1585-1742гг.). Санкт-Петербург. 1886. – 590 с.
- [11] Семенов А.И. Город Петропавловск за 200 лет (1752-1952 гг.), Алма-Ата, 1958. – 165 с.
- [12] Морозов М.А. Петропавловск – северные ворота Казахстана. Омск, 1993. – 198 с.
- [13] Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1. / М.Г. Масевич. – Алма-Ата. 1960. – 441 с.
- [14] Абуев К.К. Кокшетау. Исторические очерки. Кокшетау, 1997. – 300 с.
- [15] Катанаев Г.Е. Краткий исторический обзор службы сибирского казачьего войска, со времени его образования до настоящего времени (1582-1908гг.). Санкт-Петербург, 1908. – 72 с. 24-60 бб.; Военно-статистический ежегодник армии за 1916 год. Петроград, 1916. – 560 с.
- [16] Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 года (коллекция). 4. Население. Переписи. Акмолинская область 1897г. – СПб., Т. 81. 1905. – 154 с. 62-63 бб.
- [17] Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 годы XIX века. Алма-Ата, 1992. – 397 с.
- [18] Cameron, Sarah. The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. 2018. – 277 pp.
- [19] Обзор Акмолинской области за 1895 год. – Омск: Типография Акмолинского областного правления, 1897 – 139 с.
- [20] Переселение и землеустройство за Уралом в 1906–1910 гг. / Изд. Переселенческого управления. – Санкт-Петербург.: Тип. Ф. Вайсберга и П. Гершунина, 1911 – 501 с.
- [21] Тюкавкин В.Г. Великорусское крестьянство и столыпинская аграрная реформа. Москва: Памятники исторической мысли, 2001 – 304 с.
- [22] Покровский М.Н. Русская история с древнейших времен. В 5 т. Т. 5. Москва, 1912 – 318 с..
- [23] Складов Л.Ф. Переселение и землеустройство в Сибири в годы столыпинской аграрной реформы. Ленинград, 1962 – 587 с.
- [24] Сборник законов и распоряжений по переселенческому делу / Сост. Г.В.Глинка. Санкт-Петербург, 1909 – 730 с.
- [25] Островский И.В. Столыпинская аграрная реформа в Сибири. Новосибирск, 1991 – 308 с.
- [26] Бөкейхан Ә. Шығармалары. II том. Астана. 2009 – 554 б.

REFERENCES

- [1] Karty zaseljaemyh rajonov za Uralom: (otchet o rabotah Pereselencheskogo upravlenija za 1914 g.) / Pereselencheskoe upravlenie Glavnogo upravlenija zemleustrojstva i zemledelija. – Petrograd: [b. i.], 1915. - [2] s., 13 l. karty; 30 sm. – Karty k knige: Pereselenie i zemleustrojstvo za Uralom v 1914 g.
- [2] Ljuri D.I. Razvitie resursopol'zovanija i jekologicheskie krizisy, Moskva, 1997 – 174 s.



- [3] Pervaja Vseobshhaja perepis' naselenija Rossijskoj imperii 1897 g. Naselenie imperii po perepisi 28-go janvarja 1897 goda po uezdami. – SPb., 1897. Vypusk I. – 30 s.
- [4] Pervaja Vseobshhaja perepis' naselenija Rossijskoj imperii 1897 goda (kollekcija). 4. Naselenie. Perepisi. Akmolinskaja oblast' 1897g. – SPb., 1905. – 152 s.
- [5] Obzor Akmolinskoj oblasti za 1895 god. – Omsk: Tipografija Akmolinskogo oblastnogo pravlenija, 1897 – 139 s.
- [6] Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniju, sobrannye i razrabotannye jekspedicij po issledovaniju Stepnyh oblastej. Akmolinskaja oblast'. Akmolinskij uezd». Tom III. Chast' 1. Tablicy. Sankt-Peterburg, 1907 g. – 389 s.
- [7] Ključevskij V.O. Kurs russkoj istorii. T.3. Moskva, 1988. – 330 b.
- [8] Elagin A.S. Iz istorii kazachestva Kazahstana. Almaty: Fylym, 1993. – 440 s.
- [9] G.E.Katanaev Presnovskaja stanica (Omskogo uезда, Akmolinskoj oblasti): Istoricheskij ocherk / G.E.Katanaev. – Omsk: Tipografija Akmolinskogo oblastnogo pravlenija, 190. – 45 s.
- [10] I.Ja Slovcov Istoricheskoe obozrenie Sibiri. Kniga pervaja (1585-1742gg.). Sankt-Peterburg. 1886. – 590 s.
- [11] Semenov A.I. Gorod Petropavlovsk za 200 let (1752-1952 gg.), Alma-Ata, 1958. – 165 s.
- [12] Morozov M.A. Petropavlovsk – severnye vorota Kazahstana. Omsk, 1993. – 198 s.
- [13] Materialy po istorii politicheskogo stroja Kazahstana. T.1. / M.G. Masevich. – Alma-Ata. 1960. – 441 s.
- [14] Abuev K.K. Kokshetau. Istoricheskie ocherki. Kokshetau, 1997. – 300 s.
- [15] Katanaev G.E. Kratkij istoricheskij obzor sluzhby sibirskogo kazach'ego vojska, so vremeni ego obrazovanija do nastojashhego vremeni (1582-1908gg.). Sankt-Peterburg, 1908. – 72 s. 24-60 bb.; Voenno-statisticheskij ezhegodnik armii za 1916 god. Petrograd, 1916. – 560 s.
- [16] Pervaja Vseobshhaja perepis' naselenija Rossijskoj imperii 1897 goda (kollekcija). 4. Naselenie. Perepisi. Akmolinskaja oblast' 1897g. – SPb., T. 81. 1905. – 154 s. 62-63 bb.
- [17] Bekmahanov E.B. Kazahstan v 20-40 gody XIX veka. Alma-Ata, 1992. – 397 s.
- [18] Cameron, Sarah. The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. 2018. – 277 pp.
- [19] Obzor Akmolinskoj oblasti za 1895 god. – Omsk: Tipografija Akmolinskogo oblastnogo pravlenija, 1897 – 139 s.
- [20] Pereselenie i zemleustrojstvo za Uralom v 1906–1910 gg. / Izd. Pereselencheskogo upravlenija. – Sankt-Peterburg.: Tip. F. Vajsberga i P. Gershunina, 1911 – 501 s.
- [21] Tjukavkin V.G. Velikorusskoe krest'janstvo i stolypinskaja agrarnaja reforma. Moskva: Pamjatniki istoricheskoi mysli, 2001 – 304 s.
- [22] Pokrovskij M.N. Russkaja istorija s drevnejshih vremen. V 5 t. T. 5. Moskva, 1912 – 318 s..
- [23] Skljarov L.F. Pereselenie i zemleustrojstvo v Sibiri v gody stolypinskoj agrarnoj reformy. Leningrad, 1962 – 587 s.
- [24] Sbornik zakonov i rasporyzhenij po pereselencheskomu delu / Sost. G.V.Glinka. Sankt-Peterburg, 1909 – 730 s.
- [25] Ostrovskij I.V. Stolypinskaja agrarnaja reforma v Sibiri. Novosibirsk, 1991 – 308 s.
- [26] Bökejhan Ə. Shyfarmalary. II tom. Astana. 2009 – 554 b.



Утегенов М.З., Шукеева А.Т., Уалиев Т.А., Алибеков К.Б.
**ИЗ ИСТОРИИ ВОЕННОЙ И ГРАЖДАНСКОЙ КОЛОНИЗАЦИИ СЕВЕРНОГО
КАЗАХСТАНА**

Аннотация. В статье комплексно рассматриваются историческая динамика процессов военной и гражданской колонизации на территории Северного Казахстана и их влияние на этнодемографическую структуру региона. Исследование основано на анализе стратегий освоения казахской степи Российской империей и сосредоточено на двух взаимосвязанных направлениях колониальной политики – военно-казачьей экспансии и аграрной колонизации, осуществлявшейся через переселение крестьян. Авторы показывают, что строительство военных укреплений, линий и казачьих станиц стало ключевым инструментом административно-институционального закрепления имперской власти. В то же время массовая переселенческая политика конца XIX – начала XX века привела к коренным изменениям этнической структуры Северного Казахстана, превратив регион в полиэтническое пространство.

В исследовании широко использованы материалы Первой всеобщей переписи населения Российской империи 1897 года, статистические обзоры Акмолинской области, данные экспедиции Ф. Щербины, а также архивные документы, на основе которых анализируются динамика численности населения, изменения этнического состава и масштабы переселенческих процессов. Кроме того, рассматриваются вопросы перераспределения земельных отношений, кризиса традиционного кочевого хозяйства казахов и социально-экономических трансформаций. Результаты исследования показывают, что колониационные процессы оказали долгосрочное влияние на историческое развитие Северного Казахстана.

Ключевые слова: Северный Казахстан; Акмолинская область; переселенческая политика; переселенцы; этнические группы; колониационная политика; кочевое население; оседлое население; города; селы.

M.Z. Utegenov, A.T. Shukeeva, T.A. Ualiyev, K.B. Alibekov
**FROM THE HISTORY OF MILITARY AND CIVIL COLONIZATION OF
NORTHERN KAZAKHSTAN**

Annotation. The article comprehensively examines the historical dynamics of military and civil colonization processes in Northern Kazakhstan and their impact on the region's ethno-demographic structure. The study is based on an analysis of the Russian Empire's strategies for the incorporation of the Kazakh steppe and focuses on two interrelated directions of colonial policy: military Cossack expansion and agrarian colonization carried out through the resettlement of peasants. The authors demonstrate that the construction of military fortifications, defensive lines, and Cossack settlements became a key instrument for the administrative and institutional consolidation of imperial authority. At the same time, the mass resettlement policy of the late nineteenth and early twentieth centuries led to profound transformations in the ethnic structure of Northern Kazakhstan, turning the region into a polyethnic space.

The study makes extensive use of materials from the 1897 First General Census of the Russian Empire, statistical surveys of the Akmola region, data from F. Shcherbina's expedition, and archival documents. Based on these sources, the article analyzes population dynamics, changes in ethnic composition, and the scale of resettlement processes. In addition, it addresses issues such as the redistribution of land relations, the crisis of the traditional nomadic economy of the Kazakhs, and broader socio-economic transformations. The findings demonstrate that the processes of colonization had a long-term impact on the historical development of Northern Kazakhstan.

Keywords: Northern Kazakhstan; Akmola region; resettlement policy; settlers; ethnic groups; colonial policy; nomadic population; sedentary population; cities; rural settlements.